

БӨЛІМ: ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Бердібек Соқпақбаев - балалар әдебиетінің атасы.

ЖАРИЯЛАНДЫ
02.05.2024СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/152763/>

БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ — БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ АТАСЫ

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті**Садығожа Анара Амангелдіқызы**«7M01601- Тарих мамандығының 1 курс магистранты**Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., қауым. профессор Тасилова Назия Айтбаевна*

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті 1 курс «6B03201 Журналистика» мамандығының 1 курс студенттерімен Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына байланысты «Бердібек Соқпақбаев — балалар әдебиетінің атасы» атты кеш өтті. Кеш барысында ақынның өмір жолы сонымен қатар көптеген туындыларына шолулар жасалды. Педагогикалық институтын, кейіннен Мәскеуде Жоғары әдеби курсты бітірген. Біраз жыл ауыл мектебінде бала оқытқан. «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Балдырған» журналында, Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында істеген. Қазақстан Жазушылар одағында балалар әдебиеті жөніндегі әдеби кеңесші болған. Шығармашылық жолын өлеңмен бастап, 1950 жылы «Бұлақ» атты жыр жинағын шығарған. Кейін балалар мен жасөспірімдерге арналған 20-дан астам әңгіме, повесть, роман кітаптарын ұсынды. «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Бозтөбеде бір қыз бар», «Өлгендер қайтып келмейді» және «Қайдасың, Гауһар» секілді туындылары КСРО халықтарының және шетелдердің көптеген тілдеріне аударылып, сахналық, экрандық нұсқаға айналған. 1967 жылы Балалар мен жасөспірімдерге арналған фильмдердің Канн қаласында (Франция) өткен халықаралық фестивалінде «Менің атым Қожа» фильмі (Б.Соқпақбаевтың сценарийі) арнаулы жүлдеге ие болды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған.

Бердібек Соқпақбаевтың барлық туындыларында оның шығармашылығының қайнар көзі халық өмірінен бастау алғаны сезіледі. Жазушының бейнелеу қабілеті өте бай. Ол өз кейіпкерлерінің портетін шебер суреттеп, әрқайсысын өзіне тән тілде сөйлетеді.

Кейіпкердің ішкі күйзелісі мен ой-пікірлері жазушының басты көркемдік әдісі болып табылады.

Бердібек Соқпақбаев тірі кезінде-ақ қазақ балалар әдебиетінің классигі деп аталып кетті. Оның кітаптары ешқашан кітапхана мен дүкен сөрелерінде шаң басып жатқан емес. Жазушының шығармаларын балалар мен ересектер де асыға күтетін. Соқпақбаевтың кітаптарын барлық жастағы оқырмандар мен ұрпақ жақсы көреді.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.